

Ақтөбе облысы Шалқар қаласы

ЖШС «АС Зере»балабақшасы.

«Ертегілер елінде»

2021-2022 оқу жылы

Әзірлеуші тәрбиешілер: Мәуметова А

Бұлқайырова Г

Ортаңғы топ.

2021 жыл

Авторлық бағдарламаны әдістемелік және техникалық жарақтандыру

Тақырыбы	Білім беру процесін ұйымдастыру тәсілдері мен әдістері	Дидактикалық материалдар	Техникалық жабдықтың жабдықтың	Қорытынды
«Бауырсақ» ертегісі	Ертегі жанры туралы танымдық әңгіме. Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. д/о «Айырмашылығын тап» Сергіту сәті. Балалар арасында пікірталастар, әңгімелесу.	Түрлі түсті суреттер,аудио, видео жазбалар	компьютер	Бала өз білімін ортаға салып әңгімелеп бере алады, білімін ойын үстінде қолдана алады, ұжымда құрдастарымен пікір алмасып ойын жеткізе алады.
«Бұл бауырсақ - кішкентай қу кейіпкер»	Психологиялық сұрақтар. Дебат «Сен бауырсақ орнында не істер едің?» д/о «Лабиринт. Шығу жолын тап» тіл ұстарту жаттығулары. Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. Сергіту сәті. «Түлкішек» тақпағын жаттату.	Орман аңдары суреттері, рупор(қағаздан жасалған орама- дауыс өзгертіп рупор арқылы аңдар даусын шығару үшін)	Аудио жазбалар	Сұрақтарға толық сөйлем құрап жауап бере алады. Өз ойын жеткізе айтып, қарсылас алдында қорғай біледі.
«Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін...»	Бауырсақ әнін жаттату. Дебат –пікір-талас «Бауырсақ жақсыма әлде аңдар жақсыма?» Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. Қимылды ойын «Аңдар жүрісін сал» д/о «Түстесті тап»	Мнемокесте, ойын атрибуттары	Ноутбук, теледидар	Қайталанбалы сөздерді жаттайды. Дауыс ырғағын өзгерте отырып, кейіпкерді сомдайалады.
«Бауырсақ» ертегісінің қойылымы	Ертегі жайында әңгімелесу. Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. Рольге бөлініп қойылым қою.	Костюмдер, бетперделер. Жеребе	Сахна	Кейіпкер мінезін роль арқылы көрсете алады. Шығармашылықпен

	д/о «Жеребе бойынша кейіпкерді таңда» сергіту сәті .	құралдары.		орындай алады. Қызығушылық танытады.
«Шалқан» ертегісі	Ертегі жанры туралы танымдық әңгіме. Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі.д/о «Не қайда өседі?» Фланелеграф арқылы ертегі қою. Сергіту сәті. Балалар арасында пікірталастар, әңгімелесу.	Түрлі түсті суреттер, аудио, видео жазбалар	Теледидар	Бала өз білімін ортаға салып әңгімелеп береалады, білімін ойын үстінде қолдан аалады , ұжымда құрдастарымен пікір алмасып ойын жеткізе алады
«Ата мен әжемде қонақта болғанда»	Психологиялық ойын «Қандай түсті жүректі ата мен әжеге сыйлайсың» Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. Д/о «Көкөніспе әлде жеміспе?» Қимылды ойын «Кім тез жинайды» Сергіту сәті	Мнемокесте, ойын атрибуттары	Компьютер	Түстерді жылы-салқын спектры бойынша бөліп ажырата алады. Жақын адамдарына қамқор болуға ниет білдіреді. Ойынға белсенділікпен қатыса алады.
«Осындай үлкен шалқан...»	Бақша өнімдері жайында әңгімелесу. Д/о «Не ашщы, не тәтті?» Табиғат бұрышында еңбек- дән егу. Пікірталас «Шалқан не себептен үлкен болып өскен?»	Табиғат бұрышы, шелек, су, дән, дақылдар.	Теледидар	Өз ойларын жеткізе, айта алады. Сөздерін іспен дәлелдей алады. Сұрақтарға нақты жауап бере алады.
«Шалқан» ертегісін сахналау	Ертегі жайында әңгімелесу. Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. Рольге бөлініп қойылым қою. д/о «Жеребе бойынша кейіпкерді таңда» сергіту сәті .	Костюмдер, бетперделер. Жеребе құралдары.	Сахна, теледидар	Кейіпкер мінезін роль арқылы көрсете алады. Шығармашылықпен орындай алады. Қызығушылық танытады.

«Үш аю» ертегісі	«Орман тұрғындары» танымдық әңгіме. Д/о «Үлкен, орташа, кішісі» Пікірталас «Маша орнында сен не істер едің» Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. Сергіту сәті.	Ойын құрал- жабдықтары, түрлі түсті суреттер	Теледидар	Өз ойларын жеткізе алады. Сөйлем құрап сұраққа жауап береді. Белсенділікпен ойынға араласа алады.
«Қане досым, сөзге қосыл»	д/о «Мен бастаймын, сен аяқта». «Орнын тап». Мнемокесте бойынша ертегі желісін бұзбай айтып беру. Фланелеграфпен жұмыс Қимылды ойын «Аңдар жүрісі»	Мнемокесте, ойын атрибуттары, фланелеграф	Аудио жазбалар	Өз ойларын жеткізе айта алады. Сөздерін іспен дәлелдей алады. Сұрақтарға нақты жауап бере алады.
«Үш аюда қонақта»	Танымдық әңгіме «Аңдар немен қоректенеді». Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. Луллий шеңбері ойыны - д/о. Сергіту сәті	Мнемокесте, Луллий шеңбері	Ноутбук, аудиожазбалар.	Луллий шеңбері арқылы аңдар туралы білімдерін нақтылай алады. Өз ойларын толық жеткізіп айта алады. Белсенділік танытады.
«Үш аю»	Ертегі жайында әңгімелесу. Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. Рольге бөлініп қойылым қою. д/о «Жеребе бойынша кейіпкерді таңда» сергіту сәті .	Костюмдер, бетперделер. Жеребе құралдары.	Сахна, ноутбук	Кейіпкер мінезін роль арқылы көрсете алады. Шығармашылықпен орындай алады. Қызығушылық танытады.
«Үйшік» ертегісі	«Болама әлде болмайма?» танымдық әңгіме: ертегідегі жәйттар орнын шынайы өмірмен салыстыру. Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. д/о «Не қайда тұрады?» .Сергіту сәті.	Ойын құрал- жабдықтары, түрлі түсті суреттер	Компьютер	Сұрақтарға дәлелді түрде жауап бере алады. Өз ойларын толық жеткізіп айта алады. Белсенділік танытады.

«Үйшік» ертегісі стол үсті театры.	Мнемокесте бойынша әңгімелесу. Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. Д/о «Жеребе»-жеребе бойынша рольдер таңдау. Қ/о «Аңдар жүрісі». Сергіту сәті. «Отшашу» -марапаттау ойыны	Стол үсті театры, ширма, мнемокесте	Аудиокұрылғы	Ойын шартын бұзбай бір шешімге келісе алады. Дауыс ырғағын өзгерте кейіпкер болмысын көрсете алады. Белсенділік танытады.
«Қәне досым, сөзге қосыл»	д/о «Мен бастаймын, сен аяқта». «Орнын тап». Мнемокесте бойынша ертегі желісін бұзбай айтып беру. Қимылды ойын «Аңдар жүрісі»	Мнемокесте, ойын атрибуттары	Компьютер	Өз ойларын жеткізе айта алады. Сөздерін іспен дәлелдей алады. Сұрақтарға нақты жауап бере алады.
«Көз көруге Тоймайды ,құлақ естуге жалықпайды»	Мультфильм тамашалау. Д/о «Не бұл?»-даусы бойынша кейіпкерді танулары керек. Танымдық әңгіме «Достық деген не?» Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. Сергіту сәті. Еркін сахналау.	Ойын атрибуттары	Теледидар	Зейін қойып тыңдай алады. Дауыс ырғағы бойынша кейіпкерлерді ажыратады. Ертегі желісін қысқаша айтып бере алады.
«Түлкі мен қояндар» ертегісі	«Болама әлде болмайма?» танымдық әңгіме: ертегідегі жәйттар орнын шынайы өмірмен салыстыру. Д/о «Не қайда тұрады?». Сергіту сәті.	Ойын құрал- жабдықтары, түрлі түсті суреттер	Компьютер	Сұрақтарға дәлелді түрде жауап бере алады. Өз ойларын толық жеткізіп айта алады. Белсенділік танытады.
«Түлкі, түлкі, түлкішек»	Мнемокесте бойынша тақпақ желісімен таныстыру. Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. Әңгімелесу «Өмірде ондай болама?»	Мнемокесте, ойындар атрибуттары.	Теледидар	Сұрақтарға дәлелді түрде жауап бере алады. Өз ойларын толық жеткізіп айта

	Д/о «Үйшігі қайсысы» сергіту сәті. Д/о «Қағып алда сұрағыма жауап бер»			алады. Белсенділік танытады.
«Қу түлкі мен қорқақ қояндар»	Ертегі тамашалау. Диалог құрып, ертегі үзіндісін көрсету. д/о «Лабиринттен қоянды шығар» Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. сергіту сәті. Мадақтау «Үш шапалақ»	ойындар атрибуттары.	Теледидар.	Зейін қойып тыңдай алады. Дауыс ырғағы бойынша кейіпкерлерді ажыратады. Ертегі желісін қысқаша айтып бере алады.
«Түлкі мен қояндар»	Ертегі жайында әңгімелесу. Рольге бөлініп қойылым қою. Д/о «Жеребе бойынша кейіпкерді таңда» сергіту сәті . мадақтау «Үш шапалақ»	Костюмдер, бетперделер. Жеребе құралдары.	Сахна, компьютер	Кейіпкер мінезін роль арқылы көрсете алады. Шығармашылықпен орындай алады. Қызығушылық танытады.
«Қоянның үйшігі» ертегісі	Мнемокесте бойынша ертегі желісімен таныстыру. Әңгімелесу «Өмірде ондай болама?» Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. д/о «Үйшігі қайсысы» сергіту сәті. Д/о «Қағып алда сұрағыма жауап бер»	Мнемокесте ойындар атрибуттары.	Теледидар	Сұрақтарға дәлелді түрде жауап бере алады. Өз ойларын толық жеткізіп айта алады. Белсенділік танытады.
«Оқы да біл, ойна да күл»	Ертегі жайында әңгімелесу. Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. Рольге бөлініп қойылым қою. д/о «Жеребе бойынша кейіпкерді таңда»	Костюмдер, бетперделер. Жеребе құралдары.	Сахна, теледидар	Кейіпкер мінезін роль арқылы көрсете алады. Шығармашылықпен орындай алады. Қызығушылық танытады.

	сергіту сәті . мадақтау «Үш шапалақ»			
«Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды»	Екі белсенді баланы сайлау (капитандар). Жеребе ойыны бойынша екі командаға бөліну. Командалық ойын-Луллий шеңбері бойынша сұрақтарға дұрыс жауап табу. Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. Сергіту сәті . Командаларды марапаттау.	Луллий шеңбері. Жеребе атрибуттары.	Теледидар	Ауызбіршілік таныта алады. Бір шешімге келе алады. Бірі біріне жанаашырлық білдіреді.
«Көз көруге тоймайды, құлақ естуге жалықпайды»	Мультфильм тамашалау. Д/о «Не бұл?»-даусы бойынша кейіпкерді танулары керек. Танымдық әңгіме «Достық деген не?» Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. Сергіту сәті. Еркін сахналау.	Ойын атрибуттары	Теледидар	Зейін қойып тыңдай алады. Дауыс ырғағы бойынша кейіпкерлерді ажыратады. Ертегі желісін қысқаша айтып бере алады.
«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі.	Балалармен бірге «Ақылды зерханасын» ұйымдастыру-берілген карточкалардағы ертегі кейіпкерлерді қандай ертегі кейіпкері екенін анықтау, конверттерге салып қою. Лақтардың суреттеріне қарап қандай ертегі екенін анықтау. Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. Ойын «Айту бойынша затты тап» Ертегіні мнемокесте бойынша айтып беру. Сергіту сәті. Балалармен пікірталастар, әңгімелер.	Карточкалар, ойын атрибуттары, қойылымдар фотосуреттері	Теледидар	Бейнеленген суреттерді ажырата алады. Байқағыштық танытады. Ертегі желісін бұзбай, ұмытпай суретке(мнемокестеге) қарап айтып бере алады.

«Лақтарым менің, лақтарым менің....»	Ертегі жайында әңгімелесу. Сұрақ-жауап, көрнекілік әдісі. Рольге бөлініп қойылым қою. д/о «Жеребе бойынша кейіпкерді таңда» сергіту сәті . мадақтау «Үш шапалақ»	Костюмдер, бетперделер. Жеребе құралдары.	Сахна, теледидар	Кейіпкер мінезін роль арқылы көрсете алады. Шығармашылықпен орындай алады. Қызығушылық танытады.
«Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге, сүт әкелді»	Ертегі жайында әңгімелесу. Сұрақ-жауап, көрнекілік әдісі. Ертегідегі өлең шумақтарын жаттату. Д/о «Не қалай айтады»- өлең шумақтарын кез келген ойыншықтарға «айтқызу». Сергіту сәті. Әңгімелесу.	Жұмсақ ойыншықтар	Теледидар.ауди оқұрылғылар	Ойыншықтарға мінездеме береалады. Дауыстарын берілген мінездемелері бойынша өзгертеалады. Өлең шумақтарын жатқа айтаалады.
«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі	Ертегі жайында әңгімелесу. Сұрақ-жауап, көрнекілік әдісі. Рольге бөлініп қойылым қою. д/о «Жеребе бойынша кейіпкерді таңда» сергіту сәті . мадақтау «Үш шапалақ»	Костюмдер, бетперделер. Жеребе құралдары.	Сахна, теледидар	Кейіпкер мінезін роль арқылы көрсете алады. Шығармашылықпен орындай алады. Қызығушылық танытады.
«Алтын айдарлы әтеш» ертегісі	Танымдық әңгіме «Үй құстары» Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. д/о «Жартысын тап»-қиылған суреттер жартысын табу (үй құстарының суреттері) ертегіні оқып беру. Мнемокесте бойынша балалардың ертегіні қайталап айтып беруі. Д/о «Мен	Мнемокесте, ойындар атрибуттары.	Компьютер	Ертегі желісін шатаспай ретімен айтып бере алады. Ситуациялық жағдайларға байланысты дауыстарын өзгерте алады.

	бастаймын, сен жалғастыр» Сергіту сәті. «Отшашу» мадақтау ойыны			Шығармашылықпен, әртүрлі істік қабілетпен рольдерін орындайды.
«Жібек сақалы бар, майға батырып алған басы бар»	Ертегі жайында әңгімелесу. Рольге бөлініп қойылым қою. д/о «Жеребе бойынша кейіпкерді таңда» сергіту сәті . мадақтау «Үш шапалақ»	Костюмдер, бетперделер. Жеребе құралдары.	Сахна, теледидар	Кейіпкер мінезін роль арқылы көрсете алады. Шығармашылықпен орындай алады. Қызығушылық танытады.
«Сымбатты әтеш»	Ертегі тамашалау. Диалог құрып, ертегі үзіндісін көрсету. д/о «Жасырынғандарды тап» Сергіту сәті музыкалық би «Чип-чип шібилер» Мадақтау «Үш шапалақ»	Ойындар атрибуттары.	Теледидар.	Зейін қойып тыңдай алады. Дауыс ырғағы бойынша кейіпкерлерді ажыратады. Ертегі желісін қысқаша айтып бере алады.
«Алтын айдарлы әтеш» ертегісі	Жеребе бойынша балаларды рольдерге бөлу. Белсенді баланы автор сөздерін орындауға қою. Мнемокесте бойынша жұмыс. Сұрақ-жауап, көрнекілік әдісі. Сахналау. Ойын «Қағып алда, сұраққа жауап бер» Сергіту сәті. Мадақтау «Отшашу» Ойын «Телефон»-қорытындылау, өз өздеріне баға беру.	Сахналық атрибуттар, мнемокесте, доп (немесе дән ұқсатып істеген көлемділеу ойыншық)	---	Роль ойнаудағы өз орындарын біледі. Кейіпкерлер сипаттамалары бойынша қимылдарын көрсете алады. Ертегі желісін бұзбай сахналап береді.
«Мақта қызбен	Танымдық ойын «Кімге не керек»	Ойындар	Теледидар	Ертегі желісін бұзбай

мысық» ертегісі	Мнемокесте бойынша ертегі желісін ретімен айтып беру. Д/о «Шатасқан суреттер»-ертегі желісі бойынша кейіпкерлердің орындарын, іс-қимылдарын алмастырылған, оларды ретке келтіру. д/о «Ненің даусы» сергіту сәті. Мадақтау смайликтермен.	атрибуттары, суреттер		айтып бере алады. Кейіпкерлердің іс-қимылдарын сипаттап айтып бере алады. Ертегілерге қызығушылық танытады, белсенділікте рі артады.
«Мақтақызбен мысық»ертегісін сахналау	Ертегі жайында әңгімелесу. Сұрақ-жауап, көрнекілік әдісі. Рольге бөлініп қойылым қою. д/о «Жеребе бойынша кейіпкерді таңда» сергіту сәті . мадақтау «Үш шапалақ»	Костюмдер, бетп ерделер. Жеребе құралдары.	Сахна, компьютер.	Кейіпкер мінезін роль арқылы көрсете алады. Вербалды емес құралдармен образдарды жасай алады Шығармашылықпен орындай алады. Қызығушылық танытады.
«Ертегі әлеміне саяхат»	Танымдық ойын «Бұл қандай ертегінің кейіпкері» Жұмбақтар жасыру. Сұрақ- жауап, көрнекілік әдісі. д/о «Жартысын тап» Ойын «Мен бастаймын, сен аяқта» Сергіту сәті. Мадақтау. Қорытынды ойын «Телефон»	Ойын атрибуттары, бет перделер, түрлі өткен ертегілердің стол үсті театрлары, сурет тері	Теледидар, ноутбук	Жыл бойы өткен ертегілерді айтып бере алады. Ертегілер желісін қайталап айтып береді. Ертегілерге қызығушылық танытады.
«Ертегі елі жермен келе, жатыр!»	Танымдық әңгіме «Не жаман, не жақсы».	Конверттер, ертегілер кейіпкерлерінің	Проектор	Ертегілердің тәрбиелік мәнін ұғады. Жаман мен жақсыны

	Д/о «Дұрыс,дұрыс емес» (ертегі кейіпкерлердің теріс қылықтары бейнеленген суреттерді қара конвертке жақсы қасиеттер бейнеленген суреттерді түрлі түсті конвертке салу). Д/о «Суреті бойынша сипатта» сергіту сәті. «Бұзылған телефон» ойыны.	суреттері, ойындар атрибуттары.		ажырата алады. Өздерін жаман әдеттерден аулақ ұстау керектігін түсінеді

Бағдарламаны іске асыру нысандары мен әдістері

Р/с	Тақырыбы	Бағдарламалық міндеттер	Бағдарламаны іске асыру нысандары	Бағдарламаны іске асыру әдістері
1	«Бауырсақ» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	Педагогпен бірлескен жұмыс, топтық жұмыс	Ойындар, тәжірибе
2	«Бұл бауырсақ - кішкентай қу аң»	Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру.	Педагогпен бірлескен жұмыс.	Тәжірибе. бақылау, ойындар
3	«Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін...»	Тілдерін жаттықтыру.	Педагогпен бірлескен жұмыс.	Тәжірибе. бақылау, ойындар
4	«Бауырсақ» ертегісінің қойылымы	Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру.	Топтық жұмыс.	Тәжірибе, ойындар
5	«Шалқан» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	Педагогпен қатысуымен жеке жұмыс	Тәжірибе. бақылау, ойындар
6	«Ата мен әжемде	Шалқанды отырғызу кезінде	Топтық жұмыс	Тәжірибе. бақылау, ойындар

	қонақта болғанда»	айтылатын өлең шумағы арқылы балалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту.		
7	«Осындай үлк ен шалқан...»	Белсенді балаларды кейіпкерлердің рөлдерін эмоция арқылы көрсете білуге үйрету.	Педагогпен қатысуымен жеке жұмыс	Ойындар, бақылау, өз тәжірибесімен бөлісу.
8	«Шалқан» ертегісін сахналау	Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру.	Педагогпен қатысуымен жеке жұмыс	Ойындар, бақылау
9	«Үш аю» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	Педагогпен қатысуымен жеке жұмыс	Тәжірибе, ойындар
10	«Қане досым, сөзге қосыл»	Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру.	Педагогпен қатысуымен жеке жұмыс	Ойындар
11	«Үш аюда	Тілдерін жаттықтыру.	Педагогпен қатысуымен жеке	Тәжірибе, ойындар

	қонақта»		жұмыс	
12	«Үш аю»	Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру, ертегіні сахналау.	Педагогпен қатысуымен жеке жұмыс	Ойындар
13	«Үйшік» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	Педагогпен қатысуымен жеке жұмыс	Тәжірибе ,ойындар
14	«Үйшік» ертегісі стол үсті театры.	Балалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту.	Педагогпен қатысуымен жеке жұмыс	Схема арқылы орналастыру,тәжірибе,ойындар.
15	«Қәне досым, сөзге қосыл»	Белсенді балаларды кейіпкерлердің рөлдерін эмоция арқылы көрсете білуге үйрету.	Ұжымдық жұмыс	Ойындар, схема
16	«Көз көруге тоймайды, құлақ естуге жалықпайды»	Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру,ертегіні сахналау.	Педагог қатысуымен ұжымдық жұмыс.	Тәжірибе ,ойындар
17	«Түлкі мен қояндар» ертегісі	Балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыру.	Педагогпен қатысуымен жеке жұмыс	Бақылау. Ойындар.
18	«Түлкі, түлкі, түлкішек»	Қимылды ойындар арқылы кейіпкерлердің рөлін айтып, белсенді	Педагогпен қатысуымен жеке жұмыс	Тәжірибе, ойындар

		балаларды таңдай отырып, қызығушылығын арттыру.		
19	«Қу түлкі мен қорқақ қояндар»	Ертегідегі қоян мен түлкінің сөздерін балаларға үйрету. Түлкі мен қояндар арасындағы диалог.	Педагог қатысуымен ұжымдық жұмыс	Тәжірибе, бақылау, ойындар. Гигиеналық іс-шара
20	«Түлкі мен қояндар»	Балалардың рөлді дұрыс ойнай білуін және сөздердегі әр дыбыстарды анық айтуларын қадағалау. Ертегіні сахналау.	Педагогтын қатысуымен жеке жұмыс	Тәжірибе, бақылау, ойындар
21	«Қоянның үйшігі» ертегісі	Ертегі мазмұнымен таныстырып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру.	Педагог қатысуымен ұжымдық жұмыс	Тәжірибе, бақылау, ойындар
22	«Оқы да біл, ойна да күл»	Ойын арқылы балаларды рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету.	Педагогтын қатысуымен жеке жұмыс	Тәжірибе, бақылау, ойындар
23	«Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды»	Кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуларын қадағалау және рөлдерін ретімен орындауға үйрету.	Педагог қатысуымен ұжымдық жұмыс	Тәжірибе, бақылау, ойындар

24	«Көз көруге тоймайды, құлақ естуге жалықпайды»	Ертегінің мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс – әрекетіне қарап, әсерлі көңіл- күйін білдіре отырып сезіне білуге үйрету. Ертегіні сахналау.	Педагогтын қатысуымен жеке жұмыс	Тәжірибе, бақылау, ойындар
25	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі.	Ертегінің мазмұнын еске түсіре отырып тілдік қорларын байыту.	Педагогтын қатысуымен жеке жұмыс	Тәжірибе,бақылау,ойындар
26	«Лақтарым менің, лақтарым менің....»	Ойын арқылы балаларды рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету.	Педагог қатысуымен ұжымдық жұмыс	Тәжірибе,бақылау,ойындар
27	«Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге, сүт әкелді»	Жұбымен келісе отырып, сезім ырғағы мен қозғалыс үйлесімін сақтау Ертегіге деген қызылушылықтарын арттыру.	Педагогтын қатысуымен жеке жұмыс	Тәжірибе,бақылау,ойындар
28	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі	Әр баланың өз рөлін дұрыс орындауын қадағалау.Ертегіні сахналау.	Педагогтын қатысуымен жеке жұмыс	Тәжірибе,бақылау,ойындар
29	«Алтын айдарлы әтеш» ертегісі	Ертегінің мазмұнымен таныстыру.	Педагог қатысуымен ұжымдық жұмыс	Тәжірибе,бақылау,ойындар,жеке жұмыс
30	«Жібек сақалы бар, майға батырып алған	Кейіпкерлердің рөлдерін бере отырып, балаларға сөздері мен қимыл –	Педагогтын қатысуымен жеке жұмыс	Тәжірибе,бақылау,ойындар

	басы бар»	қозғалыстарын үйрету.		
31	«Сымбатты әтеш»	Балаларды ертегіні диалог бойынша орындауға үйрету.	Педагогтын қатысуымен жеке жұмыс	Тәжірибе,бақылау,ойындар
32	«Алтын айдарлы әтеш» ертегісі	Ертегідегі кейіпкерлердің рөлін дұрыс орындауларын қадағалау, сахналау.	Педагог қатысуымен ұжымдық жұмыс	Тәжірибе,бақылау,ойындар
33	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі		Педагогтын қатысуымен жеке жұмыс	Тәжірибе,бақылау,ойындар
34	Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналау	Ертегі желісін ретімен орындау, әдеби кейіпкерлерді дене пластикасы, ым, дауыс, мимика арқылы құру. әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру;	Педагог қатысуымен ұжымдық жұмыс	Тәжірибе,бақылау,ойындар
35	«Ертегі елі жермен келе, жатыр!»	Ертегі кейіпкерлерінің жағымды – жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету. вербалды емес құралдармен образдарды жасауды үйрету.	Педагог қатысуымен ұжымдық жұмыс	
36	«Ертегі әлеміне саяхат»	Өткен ертегілерді еске түсіріп, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы білімдерін тиянақтау.	Педагог қатысуымен ұжымдық жұмыс	Тәжірибе,бақылау,ойындар

Перспективалық жоспар.

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны
1	«Бауырсақ» ертегісі	1
2	«Бұл бауырсақ - кішкентай қу аң»	1
3	«Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін...»	1
4	«Бауырсақ» ертегісінің қойылымы	1
5	«Шалқан» ертегісі	1
6	«Ата мен әжемде қонақта болғанда»	1
7	«Осындай үлкен шалқан...»	1
8	«Шалқан» ертегісін сахналау	1
9	«Үш аю» ертегісі	1
10	«Қане досым, сөзге қосыл»	1
11	«Үш аюда қонақта»	1
12	«Үш аю»	1
13	«Үйшік» ертегісі	1

14	«Үйшік» ертегісі стол үсті театры.	1
15	«Қәне досым, сөзге қосыл»	1
16	«Көз көруге тоймайды, құлақ естуге жалықпайды»	1
17	«Түлкі мен қояндар» ертегісі	1
18	«Түлкі, түлкі, түлкішек»	1
19	«Қу түлкі мен қорқақ қояндар»	1
20	«Түлкі мен қояндар»	1
21	«Қоянның үйшігі» ертегісі	1
22	«Оқы да біл, ойна да күл»	1
23	«Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды»	1
24	«Көз көруге тоймайды, құлақ естуге жалықпайды»	1
25	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі.	1
26	«Лақтарым менің, лақтарым менің....»	1
27	«Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге, сүт әкелді»	1
28	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі	1
29	«Алтын айдарлы әтеш» ертегісі	1

30	«Жібек сақалы бар, майға батырып алған басы бар»	1
31	«Сымбатты әтеш»	1
32	«Алтын айдарлы әтеш» ертегісі	1
33	«Мақтақызбен мысық» ертегісі	1
34	Мақтақызбен мысық» ертегісін сахналау	1
35	«Ертегі елі жермен келе, жатыр!»	1
36	«Ертегі әлеміне саяхат»	1

Сілтемелер.

1	«Бауырсақ» ертегісі https://youtu.be/wubQedK3bcM
2	«Шалқан» ертегісі https://youtu.be/BP4TwVdx3oI
3	«Үш аю» ертегісі https://youtu.be/CIv8TwWewco
4	«Үйшік» ертегісі https://yandex.kz/video/preview/?filmId
5	«Түлкі мен қоян» ертегісі https://youtu.be/-pr6bbFMjfs
6	«Қу түлкі » https://youtu.be/zam2XfQXNyY
7	«Қоянның үйшігі» ертегісі https://youtu.be/LQo_KK-gqVA
8	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі. https://youtu.be/dEKaEZGKMPI
9	«Мақтақызбен мысық» ертегісі https://youtu.be/_ukK89oPsEw

Түсіндірме жазба.

Бағдарлама өзектілігі:

«Ертегілер әлемінде» деген бағдарлама 3-4 жастағы балаларға арналған. Күннің екінші жартысында өткізілетін вариативтік компонент. Театр ойындары арқылы көрсетілетін әр-түрлі іс-әрекеттер, қимыл-қозғалыстар балалардың бойында достық, адалдық, батылдық, жанашырлық қасиеттерін тәрбиелеуге жағдай жасайды және әлемді тек ақылмен ғана емес, жүрекпен де тани білуге үйретеді. Әртүрлі ертегілер балалардың қызығушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады. Білім мен тәрбие бастауын балалар балабақшадан алады. Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында мектепке дейінгі тәрбие саласы мамандарының алдында жан - жақты дамыған, сауатты, саналы, өзіндік орыны бар үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін азаматты тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Бүлдіршіндердің білімді, білікті, саналы болуында ойынның алатын орны ерекше.

Н. К Крупская: «Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ойынның ерекше маңызы бар: олар үшін ойын - оқу, олар үшін ойын - еңбек, олар үшін ойын - тәрбиенің маңызды түрі». Ойын - баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін, зейінін, есте сақтау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін дамытады. Ойын - баланың өмірді танудағы алғашқы қадамы. Ойын барысында ойын ситуациясына бейімделу, алғашқы да жекелеген элементерді, кейінен рөлді толығымен ойнау арқылы баланың ой-өрісі, қиялы дамиды. Рөлді ойнау арқылы өз кейіпкерін алдына елестетіп қана қоймай, бала оның әрекеттерін, сезімдерін сезінеді. Осындай эмоциялық күйлер баланы бұрын байқамаған өмір көріністеріне таң қалдырып, өз сезімін мимика, ым-ишара, тағы басқа көріністер арқылы біреуге үйретеді. Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп қызығушылығын оятамыз. Көріністерді өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, бүлдіршіндердің тілді меңгеруіне деген сүйіспеншіліктерін арттырамыз. Театр әр балаға қуаныш, ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда баланың жан – жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады. Ал, театрландырылған ойындарды балалар қызықтап ой-найды. Театрландырылған ойындар ойын-қойылымдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор. Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту. Бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді.

Театрландырылған ойындар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге септігін тигізеді. Әр баланы жеке тұлға ретінде, оның шығармашылық әлеуметін, қабілеттілігімен қызығушылықтарын дамыту мақсатында құрылған перспективтік жоспар 3-4 жасар балаларға арналған. Оқу жылына 36 сағат жоспарланған, аптасына 1 ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өткізіледі, бағдарлама 9 бөлімнен құрастырылған. Бұл бағдарламаның негізін құрайтын халық ауыз әдебиетінің түрі – ертегілер.

Ертегі – ауыз әдебиетінің ықылым заманынан келе жатқан көне де мол мұрасы. Оның ертегі деп аталуының өзінен де, сол сияқты ертегілердің «Бұрынғы өткен заманда, ерте-ерте деп» басталуынан да оның атам заман туындысы екенін аңғару қиын емес. Ертегілерде халық

басынан кешкен, ғасырлар жыры жатыр. Оларда еңбекші халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, елдік тарихы, қилы-қилы қиын асулары, халықтың арман-мұраты бейнеленген. Барлық елдің ауыз әдебиетінен мол орын алған және халықтың жазу-сызу өнері болмаған кезінде ауызша шығарған күрделі шығармасынын бір түрі. Ертегілер көбінесе, қара сөз ретінде айтылатындықтан, оны халықтың ерте заманда шығарған көркем әңгімесін деп қараймыз. Әртүрлі ертегілер балалардың қызығушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады.

Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып баланың ой-өрісін дамыту, сонымен бірге тыңдай білуге, есте сақтау, түсіну, рөлге бөліп, қазақша әдемі сөйлей білу мәнерін арттырамыз.

Мақсаты:

- Мектепке дейінгі жасындағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту.
- Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.
- Театрлық іс – әрекетті, ертегілерді пайдалана отырып – ойын дамыту.

Міндеттері:

- Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын дамыту.
- Балаларды адамгершілікке баулу, нақты сөйлеуге, салмақты ой айтуға баулу.
- Баланың қиялын есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру.
- Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Театр, оның түрлері туралы түсініктері болады.
- Қазақ тіліндегі сөздік қоры молаяды.
- Диалог бойынша сөйлесу арқылы тіл мәдениетін жетілдіріледі.

ЖШС «АС Зере» балабақша мекемесінде
педагогикалық кеңесте талқыланып бекітілді.

Хаттама № «__» тамыз 2021жылғы

ЖШС «АС Зере» балабақша мекемесінің
меңгерушісі :

(қолы)

(аты- жөні)

Аудандық сараптау комиссиясының отырысында
Ортаңғы топ тәрбиеленушілеріне арналған
«Ертегі әлемінде»» бағдарламасы

мақұлданды.

Хаттама № _____ 2021 жыл

Сараптау комиссиясының төрағасы:

(қолы)

(аты-жөні)

